Тексерілді:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7 ЖББОМ» КММ

Мектепалды «А» класы

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 жыл 18-22 желтоқсан

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік маңызды қалыптастыру, бақылау, бала үні, | **«Амандасу.»** деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керектігін айтамын. Барлығымыз бірдей амандасамыз. -Бастаймыз: көзбен, баспен, қолмен, иықпен, аяқпен, кеудемен. **Әнұран айту** Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. | **«Гүл» ойыны** **Мақсаты:** Балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, қызығушылықтарын арттыру. **Шарты:** Бір мезгілде аспанға бұлт төніп, жаңбыр жауа бастайды.Гүлдер тоңып, бүрісіп жабылады (қолдарын тізелерінің үстіне қойып,бүрісіп отырады) Бір уақытта қайтадан күннің кзі күлімдеп шыға бастайды.Сол уақытта гүлдер де құлпырып,жайнап ашыла бастайды (балалар үлкен шеңбер жасап,бір үлкен гүл шоғына жиналады) | **«Шаңырақ» ойыны** **Мақсаты:**Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік сезімдері оянады, сыйластыққа тәрбиеленеді. **Шарты:**Балаларды шеңберге тұрғызады. Көтеріліп шаңырақ, Керегелер керіліп, Өрімдей боп өріліп, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрініп. | **«Достық тілек»** **Мақсаты:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталанады, , **Шарты:** балалар дөңгеленіп отырып, бір-біріне допты ұсына отырып, достық тілегін айтады, сұрақ қою арқылы жауап алуға да болады. | **«Айна» ойыны** Мақсаты: Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйренеді. Шарты: балалар айнаға қарай отырып, өз әрекетіне , көңіл күйіне назар аудара отырып, басқа адамның көңіл күйін бағалауды үйренеді. **«Сәлемдесу»** Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **Әңгімелесу:** Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде, балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу | **Әңгімелесу**: Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу | **Ескерту:** Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын, уақытында әкеулерін ескерту. | **Ұсыныс**: Ата-аналарға үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады, сол туралы балалрмен әңгімелесуді айту. Ата-аналарға сауалнама тарату. | **Ата-аналарға кеңес**: «Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді балаға үйретіңіз». **Психологтің кеңесі**: «Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылңыз ». |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Еркін ойын:** **«Мозайка»** Шарты: Суреттерді сандармен сәкестендіреді. | **Еркін ойын:** **«Көлеңкесін тап»** Шарты: Қысқы киімдердің көлеңкесін тауып, орындарына орналастырады. | **Құрылымдалған ойын: «Бірдей заттар»** Шарты: Суреттердің ішінен бірдей суреттерді топтастырып атауын атайды мыс: жануарлар, жемістер. | **Құрылымдалған ойын: «Аққала».** Шарты: Геометриялық пішіндерден аққаланы құрастырады. | **Еркін ойын: «Соқыртеке»** Шарты: Көздерін байлап, тығылған балаларды табады. |
| Жаттығулар кешені | **«Велосипед»** жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп аяқты кезекпен сермеу. | **«Қайық»** жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу. | **«Ауыр тастар көтеру»** Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп - түсіру | **«Шаңғы»** жаттығуы. 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып - жинау | **«Тырна»**- бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін белге қойып, бір аяқпен тұру. Күні бойы шалшықтан, Тырна бақа аулайды, |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Әдемі гүл»** **Ойынның мақсаты:** Түстер туралы ұғымын бекіту, | **«Не жоқ?»** Ойынның мақсаты: балалардың логикалық | **«Үй жануарлары»** Ойын мақсаты: Үй жануарларын айта білу олардың дене мүшелерін | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, | **Танып ал да, атын ата** Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карастыру, әңгімелесу<br>**Қазақ тілі**<br>Мемлекеттік рәміздер, Ту,Елтаңбаны сипаттау Қазақстан Республикасының рәміздерін танып, мемлекеттік Әнұранды орындағанда орындарынан тұрып, оң қолдарын кеуделерінің сол жақ бөлігіне кою, ер балалар бас киімдерін шешетінін білу керектігін түсіндіру.<br>Мемлекеттік мереке Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру. Халықтық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту, өлеңдерді, әндерді, билерді жаттатқызып, үйрету арқылы балаларды мерекелерге қатысуға белсенділік танытуға баулу. Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы Қазақстан Республикасы әскері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Мақал-мәтел жаттау**:<br>Отан оттан ыстық.<br>Отан отбасынан басталады. | Сызбаларды (штрих) салуға үйрету.<br>**Артикуляциялық жаттығулар:**<br>**Балықтар**<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады,<br>-Жүзіңдер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!<br>**«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»**<br>Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>**Саусақ ойындары**<br>**«Кірпі»** жаттығуы<br>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарайма! | үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-ус, хо-йо | ,табиғат көрінісін сезіне білуге , табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру. Әнді көңілді қуанышпен орындауға, ән ырғағына сәйкес қимыл бере білуге төселдіру. Классикалық аспаптармен таныстыру.<br>Музыкалық дидактикплық ойын арқылы балалардың ой өрісін дамыту.<br>П\ж\о: **«Даусынан тану ойыны»**<br>Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бір баланың көзін байлайды. Көзін байлаған баланыңқасынан бір бала жануар дыбысын салады. Бала қандай жануардың дауысы және оны салған кім екенін табады. | допты қысып өту, гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту.Екінші команда да осыларды орындайды. |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау | . Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. | Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. | «Ауа райы аралы» ойыны<br>Мақсаты: Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді | «Мені қайтала» ойыны Шарты: өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдылары жетіледі |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Қардағы іздерді бақылай білу**<br>**Көркем сөз** Ойын ойнап, міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ** Мен кетемін, ол қалар. (із)<br>**Бақылау :** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту.<br>Қимылды ойын: **«Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру | **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?**<br>**Мақал-мәтел**. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>**Бақылау:** Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.<br>Қимылды ойын: **«Аю апанында»** Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.<br>**Еңбек:** Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**Өз бетімен ойындар**: Өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. | **Ағаштардағы қырауларды бақылау.**<br>**Бақылау**:<br>Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, қүрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатыра,сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br>**Еңбек: Мұзды жол әзірлеу.** Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. | **Қардың тереңдігін бақылау.**<br>**Жұмбақ**<br>Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).<br>**Бақылау:**<br>Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>Қимылды ойын: **«Ақшақарды ізде »**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек: Гүлзарың орнына жинастыруды ұйымдастыру.**<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. | **Бұлтты бақылау**<br>**Мақсаты:** Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақыла-тып әңгімелеу.<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату<br>**Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық»**<br>**Ойын барысы** : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. |
| Серуеннен оралу,ойындар | **Өлең оқу.**<br>Аппақ,аппақ,жапалақтап,<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман қар жамылған,<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>-Балалар, өлеңде не туралы айтылады? Қар туралы | Ойын түрінде.<br>**«Шырша, бүршік, қоян»**<br>Шарты: «шырша» дегенде қолды екі жаққа созу,<br>«бүршік» дегенде отыра қалу,<br>«қоян» дегенде секіру | **Өлең жолдары:**<br>Бұтақтарды сындырмай,<br>Ағаштарды баптайық.<br>Құстарды да атпайық,<br>Табиғатты сақтайық!<br>**(қайталату арқылы жаттау)** | **«Пазл жина»** ойыны<br>Мақсаты: пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;<br>Шарты : : пазл бөлшектерінен белгілі бір бейнені құрастыру. (математика | Құрлымдалған ойын: **«Вагондарға дөңгелек таңдау» Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажырата отырып, тапсырманы орындау. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | керек. | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Баяу балалармен жұмыс**<br>Өз-өзіне қызмет көрсету кезінде балалардан кейін қалып отырады. Сол себепті ұсақ қол моторикасын дамыту үшін тапсырмалар беріліп отырады. | ***Жеке жұмыстар***<br>Шағын қарапайым мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауды, түсінуді және мазмұндауды, жатқа айта алуды үйренеді. | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>Тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш,түнді тануды және атауды үйренеді. | **Тіл жаттықтыру:**<br>Дауыстарын қайтала.<br>Аң біткенмен алысқан<br>Ақырады **арыстан:**<br>**А-а-а-а-а-а**<br>Нәзік дауысы қозының<br>Естіледі алыстан:<br>**Мә-ә-ә-ә-ә** | **Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері»**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалар бүгінгі күн қалай өтті? | Баланың күн тәртібі жөнінде кеңес | Құстарға қамқор боламыз<br>Құстарға үйшік жасауды ұсыну | Балаларға көп көңіл бөлу. Ұялы телфонды көп ұстатпауға кеңес беру | Ата –аналарға:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру |

Сканировано с CamScanner